

84(5Қаз-Аптав)Қаз
БЗІ

Сидеймен Жаазитов



Малайсары
батырдың соңғы әзілі

84(БҚаз-4Паб)Қаз

Б 31

Сидеймен Бағзимоф

Малайсары батырдың соңғы әзілі



Ташкент 2007

УДК 82
ББК 84 Қаз 7-5
Б-31

Редакторы:
Сая Молдайып.

Корректоры:
Р. Мадиева.

Компьютерді тергендер:
С.С. Баязитова, Р.К. Кабдуллинна.

Баязитов С.

Б-31 Малайсары батырдың соңғы әзілі. – Павлодар: «ЭКО» ГӨФ,
2007. - 104 б.

ISBN 9965-08-176-X

Ақынның бұл жинағына балаларға арналған өлеңдері, аңыздары енгізілді. Жинақ «Сөз мәнісі», «Есейіп бізде келеміз» «Аңыздар» деген үш бөлімнен тұрады.

ББК 84 Қаз 7-5

Б $\frac{4702250202}{00(05)-07}$

ISBN 9965-08-176-X

Суретін Мұзағаң сұратқан ақын

Облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің балалар мен жасөспірімдерге арналған «Айналайын» қосымшасына қалам тербеп балғын бөбектерді, жасөспірімдерді жаңа жырларымен қуантып жүретін ақын ағаларымыздың бірі – Сүлеймен Баязитов. Бірде менен «Жасыбай батыр» атты жинағының редакторы болуымды өтінді. Қолжазбадағы өлеңдердің көпшілігі кезінде «Айналайынның» сүзгісінен өткен таныс дүниелер еді.

Қолжазбаны қарап бере тұрып ағадан «балаларға арналған өлеңдеріңіз бұрын баспа бетін көріп пе еді», – деп сұрадым. Ол жылы жымия тұрып, сөзді басқа арнаға бұрып жіберген болатын. Соның сырын енді түсінгендеймін. Ол ұсынған Республикалық «Балдырған» журналының фирмалық бланкасына басылған хат жолдары былай деп сыр шертеді:

Бауырым Сүлеймен!

Хатыңа рахмет!

Өлеңдеріңді «Балдырғанға» «Жолашар» деген бөлімге береміз бе деп отырмыз. Бір суретіңді жібер...

Балаларға жазып кетер оңтайың бар екен.

Баян төңірегінен ізде тақырыпты да, татымды ойды да.

Өз Мұзағаң

Жүрекке шуақты сәуле төгіп, жан-дүниенді марқайтар Мұзағаңның* осы бір жылылыққа толы хатын алғанда Сүлеймен ағаның қандай күй кешкенін айта қою қиын. Тек, әлде

*Мұзағаң – ақын Мұзафар Әлімбаев.

кімдердей кеудем соқтыққа, мақтанға бой алдырмағаны, оның есесіне көп ізденіп, тер төгіп еңбектенгені, бала оқырмандарды қуантуға тырысқаны анық. Бұл жолдағы ізденісі жеміссіз де емес оған 2004 жылы жарық көрген «Жасыбай батыр» жинағына енген. «Жасыбай батыр» аңызының 2005 жылы «Қазақ балалар поэмасының антологиясына» енуі дәлел. Жаңа жинағындағы «Қара қасқыр», «Әулие тас», «Атпаса екен аққуып... өз арманын» аңыздары туған жердің ұлылығын, экологияны сөз етсе, «Малайсары батырдың соңғы әзілі» туған жер азаттығын қолына қару алып қорғаған қаһарман Малайсары батырдың өмірінің қас-қағым сәтін жыр етеді.

Ал жинаққа енген «Сүтана мен Нұр жетім», «Халуа пұт», «Расулға сыр» аңыздары жас жеткіншектерді имандылық жолына үндейді. Назира жыр үлгісінде жазылған бұл аңыздар Павлодар өңірінде өзінің тақырып сонылығымен де ерекшеленеді.

Жинақтағы «Сөз мәнісі», «Бізде есейіп келеміз» топтамаларында жеткіншек оқырмандарға ой саларлықтай, қызғылықты дүниелер.

تۈۋەن مەھەلە

Мамыр

Мамыр десе көктемнің,
Күні күлер көңілде...
Еске түссе өткен күн,
Біздің байтақ өңірде,
Балапанын қаздың
мамыр деп,
Атаған ата-бабамыз.
Танысаң тілді
тамыр деп,
Тамырдан нәр аламыз.
Сол нәрменен толысар,
Сарқылмас сөздік «сабамыз».

Үшен

Қоңыр қойым
үш қозысын ертіп шықты далаға,
Қозылары жүгіріп сай-салаға.
Ойнақтады, асыр салды, тынбады.
– Үшен, – дейді үш қозыны
ақсақалдар мұндағы.
Үшен деген бірге туған үш қозы.

Осы сөзін атамның мен
Қайта-қайта қайталадым,
Бірден дұрыс айта алмадым.
Дедім, – сонсоң шын жүректен,
Жарасып-ақ тұрады екен,
Үшен деген үш қозыны
тіпті өзі...
Санамызда қалар мәңгі,
Ғасырларды кейін тастап,
Ұстап жеткен «бойын» асқақ,
Бабалардың бұл сөзі.

Түйе шыбын

Дәл осылай аталатын шыбын бар,
Ұшып-қонып ұзақты құн
тірі жанға бермес тыным.
«Таудай» болған бұл шыбынның
көң қоқысқа үйірлігін,
Айтып сөзді қылман шығын.
біз-ыз етіп мазанды алып,
Аңдамасаң алар шағын.
«Сырқаты көп» пәлекетті
Маңайлатпай, жібер қағып.

Жау торғай

Кіп-кішкене торғайым,
Қайтсем сені қорғаймын.
Деп жүруші ем әманда,
Өкпеледім саған да.
Топталып кеп егінге,
Жауша тиіп тегінде.
Диқанға маза бермепсің,
Осыдан соң мен сені,
Қалай жақсы көрмекпін?!

Еңку-еңку баламасы!

Еңку-еңку деген сөздің мәні не?...
Мардымды жауап бере алмай,
Мүдірдіңдер бәрің де.
– Махамбеттің жыры бұл...
– Жөн айтасың Жәнәйла.
Сөз төркінін алайда
Ұққаның жөн қалай да.
Ойлы-қырлы,
кедір-бұдыр
боп келмей ме біздің қыр?!
Еңку-еңку баламасы,
Осы айтылған сөздердің.
Жер бедерін саралашы,
Енді қане өздерің.

Жеті қазына

...Қазынаның бастысы
Адам деп білген бабалар.
Елін сүйген ер кісі,
Қазына басы саналар.
Арулар ұрпақ анасы,
Ары дерлік ұлтының.
Панасы жалпақ жұртының,
Кірген, – деп алдым бір тыным.
– Қазынаға жататын,
тағы не бар, ата айтшы, –
деп қыңқылдап қоймадың.
Іркілдім, ұзақ ойландым.
– Бұлардан басқа, – дедім мен
Қазынаны сеніммен.
Ақыл мен білім құраған,
Жүйрік от, қыран бүркітті.
Алладан мәдет сұраған
Аңшының
Берен мылтығы
Атқаны көздеп құлаған.
Ал жетінші қазына,
Адамның досы ит екен.
Жас дос саған базына –
десең егер ит ертем.
Күт, мәпеле, ардақта,
Жібере көрме қаңғытып,
Тентіретіп аймаққа.

Мақал мәнісі

«Кітап білім-бұлағы,
Білім өнер – шырағы».
Осы мақал мәнісі
Қалай, – деп
інім сұрады.
Болғың келсе білімді,
Кітаппен достас
мәңгілік.
Жадында білім
жаңғырып,
Оятар сана сезімді.
Танырсың жатты,
өзіңді,
Ашарсың сөйтіп
көзіңді.

Дегенімде інімнің,
Алаулап жүзі
жайнады.
Бастау көзін білімнің
Ашты құліп,
жайдары.

Шөп атаулары

Майда раң

Мына байтақ далада,
Орманда, сай-салада.
Шөп өседі көптеген,
Қар суымен көктеген,
Суыққа «қыңқ»етпеген
Майда шөптің аты-раң.
Көктеп салса осы маң,
Өсті деп біл
Майда раң.

Сақау шөп

Ал мынасы – сақау шөп,
(бұл қазақта атау көп)
өзі сақау, өзі шөп,
Тұрғанын-ай... күлкім көп.

Сабындышөп

- Сабындышөп...
- Таңқалма. Жұғымды шөп малдарға
Жерде өседі ылғалды, –
Дегенін де Құрманды
Қалдым бірден түсінбей.
- Осы сөзің шын ба, ей, –
дегенімде ол тұрып:
– Жалырағы мап-майда,
Өсетін сол маңайда.
Шөпті аларып көрсетті.
- Сабындышөп осы ма, ...
- Біз білмейтін атау көп,
сен не дейсің осыма, –
дегенінде еріксіз
Қол ұсындым досыма.

Біліп алдым

Тарғақ деген шөп те бар,
Шөл далادا өсетін.
Тарғақ деген құс та бар,
Сол шөлде өмір кешетін.
Бірі құс та,
Бірі шөп.
Шөлейт дала «тұрғыны».
– Сұрамаймын «ол не?» деп,
Біліп алдым мен мұны.

Мақал – сөздің атасы

Осы сөзді мұғалім,
Жиі айтады сабақта.
– Мақал сырын ұғамын,
Шешен болып санатқа.

Қосыламын десең сен,
Мақалды талмай зерттегін.
Астарына үңілсең,
Кемел болмақ ертеңің.

Ата-баба салтының,
Түйіні бар мақалда.
Сенің туған халқыңның
Атын жайған жаһанға.

Мақал-сөздің бастауы,
Өткенің мен бүгінгің.
Пәлсапалық асқары,
Тереңіне үңілген.

Данышпан да,
Дана да,
Шынашақтай бала да,
Сөз сөйлесе мақалдап,
Қонған бірден санаға.

Мақал мәні мәңгілік,
Сондықтан да,
Санаңда тұрар әр сәт жаңғырып.

Ұйқасын тап

Құмар жандар... (алысқа)
Ұшады әлі Марсқа.
Арманшыл боп алға бас,
Қатарыңнан... (қолыспа)

Бірігіп тірлік жасауға,
Асығамын... (Асарға)
Бірікпесем көппенен,
Ісім алға... (басарма)

Ана тілім – ожданым,
Өз мерейім, өз... (бағым)
Сені жақсы білгенім,
Қатарымнан... (озғаным)



Ағайындар бірлесіп,
Салды ауылға... (бір мешіт)
Бардық сонда намазға,
Үлкендерге... (ілесіп)

Мешіттегі... (молдадан)
Үйрендік намаз сабағын.
– Қабылдығы... (Алладан).

Дәрестен жүр, қарағым

Әжемнің сөзін әрдайым,
Ұмытпай еске... (аламын)

Жазуды да... (арабша)
Үйрендім сол молдадан.
Әріпі әсем... (тамаша)
Қызыға қарап, толғанам.

Әліптің басы-әліп-би,
Иманға сені... (бастаған)
Көңіліңе мәңгі түй,
Шын діндар... (асып-таспаған)

Сан мағыналы сөздер

– Айт дегенді сен қалай түсінесің,
Мұсылмандар мерекесі емес пе?

– Айт дегенін есіме түсірерсің,
Шешесінің Кеңеске.

Ата десең есіңе.
Ауылдың қоңыр кешінде.
Күрестірген біздерді,
Гүл-гүл жайнап жүздері,
Қариялар еске түседі.

Содан соң ба, содан соң,
Ата десең –
Бұ да жөн.
Әркім атын атады,
Осылайша бір сөзде,
Сан мағына жатады.

Жадырайсың жаз келсе,
Гүлге бөлеп даланы.
Балаларға жаз десем,
Қолға қалам алады.

Жеті жоқ

Айтылған бағзы заманда,
Жеті жоқты санаңыз.
– Өлшеуіш жоқ жер де деп,
Кетінті айтып бабамыз.

Мұны бір деп ұғыңыз,
Тіреуіш жоқ аспанда.
Кереміз күнде мұны біз,
Көз салсаң алыс аспанға.

Таста тамыр жоқ, – деген,
Сөз де шындық, байыпты.
Көз көрмеген көптеген,
Сөз етсек те
«ғайып-ты».

Тасбақада талақ жоқ,
екендігін білсемші
– Халық білгір,
талант дер
Жөн сөзге құлақ ілсеңші.

535.376

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ АҚПАРАТТЫҚ
КЕҢЕСХАНАСЫ

Жаратқан
Жалпақ жаһанды,
Аллада
бауыр болмаған.
Сүю бауыр, Отанды,
Адамға сыйы жолдаған.

Аққуда сүт жоқ,
Жылқыда өт.
Екендігін саралап,
Жеті жоқты атадың
әр қайсын даралап...
Сай болып заңғар заманға,
Әлемнің сырын танығын.
Білім – қару әманда,
Еселеп артсын танымың.

Жасырынған жер-су аттары

Талай ұрпақ бауырыңнан тарапты,
Атамекен айналайын...
(Тарақты)

Мекен етіп...
Тауынан жуа тергем-ді.
(Мергенді)

Асуынан асар сәтте...
Түтеп тұрған ақ боранға тап келдім.
(Ақбелдің)

Осы көлдің етет аңыз атын ел,
Сан ғасырға куә болған...
(Қатын көл)

Аңсап сені сан ойларға шомамын,
Ақ толқынды, кәусар сулы...
(Шоманым)

Осы маңда дөң де жетет, бар шоқы,
Көзіме ыстық көрінеді...
(Сар шоқы)

Дән байлығын қырдың
Еселеген...
(Қырғын)

Атқарған сан тойыңды,
Жер жаннаты...

(Мойылды)

Талай жандар ат шалдырған киелі,
Ұзын тау...

(Әулиелі қызыл тау)

Бұлағынан басатуғын жұрт шөлін,
Құтты қоныс едің-ау сен...

(Күркелім)

Қаз, үйрекке толған маңы,
Айдын көл еді...

(Жұмыртқалы)

Діндар тұлға тұрған мұнда...
Ұлы адамның рухына тағзым ет.

(Қазірет)

Ассам-ау деп ауатуғын аңсарым,
Ел білетін асуы бұл...

(Шаншардың)

Әй, балақай абайлап бас бұл маңды,
Жыланы көп,
Сондықтан да жердің аты...

(Жыланды)

Шомылатын тұнығына өзі айдың,
Өрлеп ағар өзені бұл...
(Бозайдың)

Саумал тектес жанға дәру самалы,
Үйір-үйір жылқы өретін...
(Бабалы)

Жағасында жайқалып жасыл құрақ,
Ағатын ет бір кезде...
(Ұзын бұлақ)

Сан-алуан таспен,
Өрнектелті, сәндепті,
Табиғат ана...
(Жәнібекті)

Қай құдірет,
Бүлдіргі екен қай қожа,
Кәусарыңды бал татыған, ...
(Байқожа)

Өлең сөздің жұрт таныған даңғылы,
Колхоз атын иемденіп жаңғырды.
Білесің бе жүз жасаған атаны,
Білесің бе жыр алыбы...
(Жамбылды)

Айдынына...
Құлынымды суаруға апардым.
(Қапардың)

Бейітіне қажы...
Дұға қылмай өтер кім?!
(Лекердің)

Дән дариясы тасығанда...
Қырмандағы қызылды
Тау-мая ма деп қалдым.
(Шоқпардың)

Арам жандар басуға да сескенді,
Топырағыңды Мәшһүр жатқан...
(Ескелді)

Жас күнімде атыңа келмей тілім,
«Қаламұлын» деппін-ау «Қаламұлын»
Кешір мені
Кешір сен...
(Қарамұрын).

Сөздік қорға үңілсек

Тіліміздің бағын ашын...

Басқа тілден
бауыр басып,
Тіліміздің бағын ашып,
Жүрген сөз көп,
сен олармен,
Күнде жүрсің ұшырасып.

Республика, диктатура,
Сөзі көне гректің...
Секілді бір ата мұра,
Ойыңа нәр, жырға екпін.

Беріп әман,
Мирас болған.

Көне грек мұрасы
Құралады тіл орманы,
Сан тілдерден расы.
Алған қорек,
Алған тәлім,
Ала бермек мәңгілік.

Ана тілім – арман әнім,
Жылдан-жылға жаңғырып.

Сан тілдерден сөздің сөлін,
Өз бойына сіңірген.
Тіл-тірек боп көркейді елім
Мақтан тұтам мұны мен.

Болып қалар бәлкім керегі

Пәруай сөзі тегінде,
Енген-ау иран тілінен.
Үңілсең сөздің тегіне:
Сана, сөзім,
Ес, қапер –
Ұғымдарын береді.
Пәруайыңа ұста өзіңнің,
Болып қалар бәлкім керегі.

Ирандықтар
«Дуан» деген қаланы,
Дегенім де, –
Жанаргүлдің шоқтай
жайнап жанары:
Тілімізге кірген
иран тілінен,
Тізіп айтты
Сөздерді сан салалы.
Дастархан мен
төріндегі алаша,
Жұрт ойнайтын

Шахматың таласа,
Тіпті, тіпті
Перзентің де,
Пиала мен пейішің де,
Пендең де...
– Біздің тілге осы сөздер
Расын да, басқа
тілден енген бе?
Сауалыма тосылмады
Жанаргүл:
Қалжа, сардар, сертің де,
Ең ақыры құрма менен
сұрме де,
Айналғанын туған тілдің
көркіне
Айтып берді жайнап жүзі
бір демде.



Бір Аллаға ғибадат қылар
кезім бұл,
(Уәж айтсаң, ұлағатты
өзің біл).
Сопы болып таспих
Тартқан өзге де,
Тәрбиелі тақуаны
көзіңе іл.

Киіз кітап

– Киіз кітап дегің бе? –
түсінбедім сөзіңе.
Күлкі үйіріліп көзіңе,
сұрадың ба мұны жай...

– Ал, меніңше,
«Киіз кітап»
болған емес, болмайды.
Көрген кім бар қолына ұстап,
Айтшы білсең сол жайлы.

– Әлімсақтан,
Тіл ұстартқан,
Біздің дана халықта
Бейнелі сөз жетіп жатыр,
Үйренуге жалықпа.

Соның бірі
«Киіз кітап»
Құпиясын жазар хаттап,
Қаламгердің дәптері
Дегенінде
Дәуекес досы «қап» – дегі...

«А», «Б» әріптерінен басталатын жер, қала аттары

«А»

Аягөз, Ақбел, Ақеспе,
Сақталмай ма жақсы есте.
Алматы, Ақсу, Ақтөбе,
Ал, Астана
қазіргі бас қаламыз емес пе?!

«Б»

Барсакелмес, Бұғылы,
Балқаш, Бекет, Балықты.
Сұлулықтың тұғыры,
Баян жері ежелден,
Туып небір алыпты,
Тамсандырған халықты.

Қалған мұра атақан

«Кітап-білім бұлағы»
(Үйренген жұрт құлағы)
Осы жайды Мүсілім,
Менен бірге сұрады.

– Мүсілім бе?
Бұл-інім
Бұлағы деп білімнің
Кітапты кім атаған?
– Бастау көзі тілімнің,
Қалған мирас атадан.
Бұл мақал ғой ежелгі.
Дегенімде ол тұрып,
Жүзі жайнап құлпырып:
«Солай ма еді» дегені.
Тоқтамастан содан соң,
Мақал айта жөнелді.

Қор қылғаны

«Өтірік сөз өрге баспас», –
дейді жиі біздің Жаппас.
Тек...тек өзі өтірікті,
Ауыз жаппай көп айтады,
– Өзім көрдім, – деп айтады.

Өтірікші, екіжүзді,
Сан алдады Жаппас бізді.
Бәрінен де жанға батты,
Қор қылғаны мақалды ізгі.

Омонимдер

Қара кеште төтелеп,
Қара атпен қара қосқа
Тартып бердім төпелеп.

Синонимдер

Қызық думан,
Сауық құрған.
Елім менің мерекелі,
Салтанатты той өтеді.
Бейбіт күнде берекелі,
Ырысты ғой ел ертеңі.

Антонимдер

Іші, сырты көз тартатын,
Аласа үйлер, биік үйлер.
Ескілерін жаңартатын,
Құрылысшыға сүйініңдер.

Жұмбақтар

Қос түбірден құралып,
Ағарды мың бұралып.
(Ертіс)



Біліміммен тәртібімнің,
Мектепте өткен әр күнімнің
айнасы,
аз емес –ау (күнделіктің) пайдасы.



Ана деген, отан деген сөздерді
Бетін ашып оқыдың сен құныға.
Кітап аты өзгерді,
Сен есейдің
Сол кітаптардың атын атар кез келді.
(Әліпе, Ана тілі, Қазақ тілі,
Әдебиет)



Сәбилердің шат-шадымнан құлетін,
Ғалымдардың әлем атын білетін,
Ашпағаны бұл есікті жоқ тіптен.
«Алтын ұя»деп атайды жұрт біткен.
(Мектеп)

Шылауларды тап

Кейін, кейін деп
Алдай берді Бейімбек.
Мұнан кейін жұрт оны
Атап кетті Кейіндеп.



Сәл нәрсеге таласып,
Қой дегенде қоймады.
Сонан кейін жарасып,
Кешке дейін ойнады.



Барған сайын жүйріктердің арасы,
Алшақтады кейін қалды көбісі.
Көпке дейін Алтынбайдың аласы,
Тынымбайдың торысы
Қатарласып, қабаттасып таласты.

Түзетін оқы

Молда кесте тоқыды,
Мылқау құран оқыды.



Құстар шапты жарысып,
Аттар кетті әне, ұшып.



Көлбақалар үдеріп бірі қалмай
қырға өрді,
Ақ бөкендер мекен етіп
жұр көлді.

Жаңылтпаштар

Тау жақта,
Аулақта
Қасқырлар ұлыды,
Аулақта
Аумақта
Тау жақта
Қасқырлар ұлыды
Ұлыды
Қасқырлар
Тау жақта,
Аулақта



Төніп тұрған
төбемнен,
Жұлдыздарды көрем мен.
Төменнен,
төбемнен
Жұлдыздарды
көрем мен



Күнде,
Түнде,
Әжемнің ертегісін тыңдаймын.
Түнде,
Күнде,
Тыңдаудан
жалықпаймын
Тынбаймын,
Тыңдаймын



Барсаң құмға,
Шағылға,
Оранасың сағымға.
Шағылға,
Сағымға,
Оранасың
сағымға.



Қорқып Дастан,
Тура қашқан
Жынын шашқан
бурадан.
Қашқан,
Сасқан.
Қорқынышын
әрең басқан
Біздің Дастан
Сасқан,
Қашқан,
Шашқан,
Дастан



Майда құмға аунадым,
Атқа мініп зауладым.
Алыстым,
жарыстым
аунадым,
зауладым,
жарыстым,
алыстым.



Қымыз ішіп,
Суға түсіп,
түсіп,
ішіп,
Жақсы бір
дем алғанмын,
Тыңайып-ақ
қалғанмын,
Алғанмын
Қалғанмын
Алғанмын



Әліппені ашқалы,
Жаңа кезең басталды.
Ойға алмаймын басқаны.
Жаңа кезең басталды.
Әліппені ашқалы,
Ойға алмаймын басқаны.

ಶರಣುಗ
ಕುತದೇ
ಕುಲಕುತ

Жатқандары тезге салып

– Өтірік сөз өрге
баспас, –
Дейді дағы біздің
Жандос.
Өтірікті сапырады,
Десең «мұның
өтірік қой»,
Жылап-сықтап,
бақырады.

Бой бермейді,
қызық тіптен.
Оның сырын бала біткен
Біліп алған,
«Сөйлейсің деп,
ыңғай жалған».
Жиі-жиі ортаға алып,
Жатқандарды тезге
салып.

Қара қуыс қиырға

Қара қуыс
Қалып барат артымда,
– Анам маған қара – дейді артыңа.
– Неге десем, білгенің жөн шырағым.
Ата-баба салтыңда
Жолға шыққан
Сапар шегіп ұланның,
Туған жері
Санасыңда тұрарын.
Сағынғанда сар желдіртіп пырағын.
Төскейінен келіп бір-ақ шығарын.
...Сағынышың болу үшін баянды,
Қара артыңа,
Қимасыңа аяулы,
Жырақ жерде болар сенің тірегің,
Көңіліңе сәуле төгер қаяулы.
Деген еді сонда маған жан анам,
Содан бері жылдар өтті сандаған.
Түсіме енсе Қара қуыс тастары,
Сағынышты сөйілмеген аңғарам.

сипінің ұалына,
ында тау қалады,
тып шанаға.
төмен сырғанамаймыз,
ыққа батамыз.
ылда қуанамыз,
е аяз атамыз.

Бірамыз шыңдалып

геуіп таудан төмен,
амыз шыңдалып,
ұшып белес-белден.
і гулеп зуладық.
іздер шаңғыменен,
төсін шарладық.
кен спорт деген.
үнін демалыстың,
біз арнадық.

Ағам қатты...

Боз айғырды ерттеп мініп,
Шықтым қырға қой жая,
Бүлдіргеннен көзім тұнып,
Қызықтым,
Сол-ақ екен аттан түсіп,
Біраз жидек тергенмін,
Енді бір сәт зәрем ұшып,
Қорқып қатты терледім.
Олай-шауып,
Бұлай шауып.
Отарымды іздедім.
Алдым сон-соң ақыр тауып,
Сазға түскен іздерін.
Сазға батып бірнешеуі,
Қалған екен өлгелі,
Ағам қатты сөкті мені
Құрыттың деп төлдерді.
Содан бастап қой жайғанда,
өзге жайды ұмыттым.
Ағам ертең қартайғанда,
Ізін басар жігітпін.
Таяғын ап қолымдағы,
Ақтасам-ау үмітін.

Жеңгем мені...

Ұстанған деп ата салтын киелі,
Жеңгемді жұрт
Қылығы үшін сүйеді.
Кенже демей кішім, – дейді үнемі.
Құлағыма осы сөзі сондай жылы тиеді.
Жеңгемді мен

Көрем тіптен жанымдай,

Мінез, көрік бұл жеңгемде бәрі сай.
Атасына, енесіне басқаларға ат қойып,
Қалайғана айтады екен жаңылмай.

Артикаға саяхат

Мұз қала

Мұндағы
Мұз қала
Тұтасқан кеңістік.
Ерімейді.
Әйтсе де эскимостар
Суық деп жерімейді.
– Артика атамекен
Ту тіккен жерім, – дейді.
– Отаным менің, – дейді.

Мұз мұражай

Көне мұздар шежіре,
Қуәсі талай ғасырдың,
Сынығындай асылдың.
Мамонттардың генесі,
Мұзға қатып сақталған.
Мұражай бейне жер осы
Ғасырлардан сыр ақтарған.
Жасырған бізден сырларын.
Мұражай сендей жоқ тегі,
Таңырқап содан тұрғаным.

Эскимостар көшпелі

Эскимостар ит жеккен,
Тірлік кешіп көшпелі...
Ғасырларда біз де өткен
Халық едік көшпенді.
Сарыарқада мал баққан,
Көшкен бабам мал үшін.
Эскимостар аң қаққан,
Күн көрістің қамы үшін.
Бірі-қырды шиырлап,
Бірі-жайлап мұз төсін.
Ырзығын тауып бұйырған,
Еңбекпен жиған жұрт есін.
Шындық шіркін, айт-айт деп,
Бүйірімнен түртесің.
Келген ойды басыңа,
Қалай айтпай іркесің.
Өміршеңдік, өршілдік,
Сан апаттан сақтаған,
Эскимостар көшпенді
– Бауырым, – деп мақтанам.

Қошқар өгіз

Қошқар өгіз осында,
Тундраны жайлаған.
Мүйізінен шошынба,
Жеп кетуді ойлаған,
Аш қасқырға тап берген.
Найзағайдай ойнаған,
Мүйізінен қорқып,
Жалт берген.
Жыртқыш қанға тоймаған,
Кетті жырақ безініп,
Қошқар өгіз топтасқан,
Алдырмасын сезініп.

Арктикада жаз шықса

... Бұл масаны қойсаңшы,
Дейсің олар қайда жоқ.
Арктикада жаз шықса,
Ыз-ыз етіп, пайда боп.
Ұшады екен шарқ ұрып,
Көң-қоқыс іздеп,
Қайда деп.
Салады екен ойранды,
Жұрт жиналған жайға кеп.

Бет алған Алғаш полюске

Солтүстік мұзды мұхитты,
Ғалымдар аз ба, бетке алған.
Зерттеулер жазған ұқыпты,
Артында аңыз сөз қалған.
Білесің бе,
Пириді?!
Бәйгеге тіккен сан басын.
Сәулетті қала, жылы үйде,
Сөзді ме бағы жанбасын.
Бет алған
Алғаш полюске,
Солтүстік полюс дұрысы,
(Жан батпаған бұл іске,
Ерлік еді мұнысы)
Қиналды қанша торықты,
Ойының шығып ойраны.
Кедергілерге мың –
сан жолықты,
Сонда да Пири қоймады.
Аяғын бірде үсітіп,
Кестіргі сегіз бармағын.
Полюске жетіп, өсітіп,
Ту қылып тікті арманын.

Зерттеуші Роберт Пири 1886–1908 жылдар аралығында Солтүстік полюске елденеше рет саяхат жасаған. Ақыр соңында 1908 жылы Пири мен оның командасы солтүстік полюске жетіп, Америка туын тіккен. Сөйтіп, Солтүстік полюсті бірінші болып игерген.

Солтүстік мұзды мұхит

Ең кіші мұхит бұл өзі.
Мына байтақ жаһанда.
Ел аузында «мінезі»
Сандаған жылдар, о тәуба.

Қалың мұз бетін құрсаған,
Еріген емес, білед жұрт.
бізғарын.
Апат бұрқаған.
Тұрса да соғып қанша жұт.

Солтүстік мұзды мұхитты,
Сүйетін жандар аз деген.
Мадақтап мұхит – жақұтты,
Қаншама ақын жазды өлең.
Сандаған сазгер, әншілер,
Тербетті әсем сазбенен.

تحت إشراف

Әулие тас

Алшақ таулы бөктерден,
Қыр төсінде дара шың.
Сан ғасырды өткерген,
Айбыны тектес даламның.
Көркіне көрік үстеген,
Жаңғыртып мәңгі жапанды,
Иықтаса тұрған үш берен
Әулие тас қалай аталды...
Қиялға қанат серметіп,
Ойларға не бір берілдім.
Бесігін аңыз тербетіп,
Қасиетін ұқтым жерімнің.
Десем де мұнда кезінде,
Әулие келіп тұнепті.
Сенерің хақ сөзіме,
Қостайда кетер бір епті.
Алайда соның жөні жоқ,
Өтірік арты бір тұтам,
Түсінерсің мені дөп
Жерімді туған пір тұтсам,
Ендеше айтар сөз қысқа,
Әулие тас – Қойтас төрінде.
Бітімі бөлек, бір – нұсқа.
Дарытқан қасиет жеріме.
Тұмары десем жарасар,
Тәңірдің өзі силаған.

Бұл сөзге арсыз таласар,
Әулие атын қимаған.
Пенделер болса Тасыма,
Уәжімде айтар жетерлік.
Бір жайды көрген жасымда,
Ретімен сөз етелік.

...Қоңыр күз
Қырман қызған шақ,
Алқапта дала кемесі.
Жастардың жеткен
тыңды аңсап.
Айдарынан жел есті.
Қызыл дән – қырдан төгілген,
Тау мая болып қырманға.
Мол өнім алған егіннен,
Ерлігін ерен жырлауға.
Ерлердің Ерлік Еңбегін,
Әлемге жайып жар салып,
Мәскеулік топ* келген күн,

Сөз етті партком тамсанып.
Көрсетті қазақ өн төрін,
Басшы, қосшы қарсы алып.
Қазақтың қырын қалғыған,
Оятқан ерен еңбекпен,
Тыңгерлер дейді алжыған.
Шықпай жатып жөргектен,
Бұл аздай-ақ сонан соң
Қазаққа ақ нан жегізген.

* Мәскеулік топ – үгіт бригадасы.

Осылар деп кесілді,
Шыққан жау жаман өзіңнен.
Аласың кімнен өшіңгі.
Намыстан тұрған өртеніп,
Ән басты көңілін талайдың
Тыңдарман көңілі майша еріп,
Шыққандай алдан арай күн.
Құлақтан кіріп, бойды арбап,
Төгілді дерсің алтын ән.
Тұтатын жұртпыз әнді ардақ.
Соданда болар әншіні,
Қол соғып қоймай шақырған.
Шарықтап әнші ән шыңын,
Шабытын шалқар шақырған.
Сол түні салған сазды әуен
Боларын оған ақырғы ән
Білген жоқ ешкім әрине,
Алаулап тыңның таңы атты...
Бұл бәлкім тағдыр кәріме
Аралатып әсем алапты.
Әулие тасқа алып барыпты.
Тас жайын «білгір» толғаған.
– Ақымақ қылып халықты.
Діндарлар әбден қорлаған.
Әйтпесе қара тас мына,
Әулие деу, сірә күлкілі?
– Табанымның астында,
Әулиенің шықсын шыр-пыры.

Тыңдасын әсем әнімді,
Ұйқылы-ояу қыр мына.
Жанындағылар қой деп жалынды,
Көнбеді жұрттың ырқына.
Өрледі шыңға асыға,
Маңдайдан шып-шып тері ағып,
Шыққанда шыңның басына.
Концертмейстерге ым қағып.
– Баста деп белгі берді енді,
Жаңғырып жапан үнінен,
Қойтастың қыры тербелді.
Әуелеп әуен шарықтап,
Баураған сәтте маңайды,
Ақша бұлт баяу қалықтап.
Әулие тасқа таянды.
Сонан соң құйын үйіріп,
Тарылтты дерсің тынысты.
Иманын жұрттың үйіріп,
Азанда-қазан шың үсті.
Үрейлі әуен сәт санап,
Әншінің құтын қашырды.
Ес шығып көзі қанталап.
Тұманданып ақылы,
Жалбарынды, аһ ұрды.
Жерде қалған достарын
Құтқаруға шақырды.
Құтқаруға бірінің,
Жетпеген соң батылы.

Кетті шыңнан секіріп,
Құтылмақ болып азаптан,
Құлады жерге өкіріп,
Ұмтылған жұрт жан-жақтан.
Быт-шыты шыққан бейбақты,
Ауданға алып жөнелді...
Өткенді еске ап кей уақытта,
Сағынған тұста мен елді
Қаламға, ерік беремін.
Мұзекең* – қадап айтқандай,
Елімді жырлап келемін.
Елімді жырлай беремін...
Сөз еттім есер әншіні,
Ұғынған ұғар ұқпаса,
Ақынның осы жан сыры.
Көңіліңнен шықпаса,
Жеткіншек,
ұрпақ сөкпегін.
Ертегі емес бұл тіптен,
Анық жай айдай көктегі.
Әулие тастың
Бастан өткені.
Біз білмейтін, ұқпайтын,
(Құдайға аян көктегі)
Тылсым сырлар көп тегі.

* Мұзекең – ақын Мұзафар Әлімбаев.

Атпаса екен аққуын... өз арманын

1

Қатын көл Баяндағы көлдің бірі
Көлемі дей алмас ем тілтен ірі.
Қар суы, жаңбыр суы үстемелеп,
Жататын ала-жазда шалқып нұры.
Құс қонып айдынына
Көк құрағы,
Түрленіп, түлер еді жазғы тұры.
Сол көлді біздің ауыл жайлап жазда,
Үн қосып қозы, лағы
Қоңыр қазға
Уда-шу болып жатқан осы ауылдың
Шал, кемпір тұрғындары
Жастар азда.
Қалғаны біз сияқты бала-шаға.
Қызғыш құс шулап ұшқан
Көл жағада
Қос аққу айдын көлдің айбарындай
Жағаға шыққан тұста кеп бағана.
Соңынан ере шыққан балапандар,
Маң басқан
Дегендей-ақ бізді де аңғар.
Беттеген кешкі құрым қырға қарай,
Сыртынан
Көзін тіккен кемпір, шалдар.

Аққуды киелі құс десіп жатты,
Ал бізді балапандар таңырқатты.
Аққулар сырық мойын, сүттей аппақ.
Алғандай балапанын отқа қақтап.
Шетінен – қап-қара еді, көз тұнардай.
Дауласты бала біткен болып жақ-жақ.
Екенін балапанның неге қара,
Дәлелдеп
Гүжілдесіп жатты өз ара.
Олардың сөзін белгі әл де кімнің,
Дегені аяқ асты
анаң қара.

II

Даланың қара шаңын көкке шаншып,
Доңғалақ тиген жерін езіп, жаншып.
Бірнеше мотоцикл белден тұскен,
еді бұл тұс әлеті
Отша шарпып
Күн көзі төңіректі қақтап тұрған,
Танадай тапырақтап сона қуған.
Әлгі топ көлге қарай құлдыраған,
– Жатпақ қой күн қайтқанша шықпай судан.
– Әскери адамдар-ау, қайдан ғана,
Дегі жұрт тап болды екен бұл араға.
Мұны естіп бала біткен құстай ұшты,
Әсершіл бала жанын кінәлама.

– Офицер ағалардан, жұлдыз алсақ,
Алып қап адресін
Бір хат салсақ,
Деген ой бала жанын мазалаған.
Кім білген,
Жеткен жерде талып шаршап.
Гүрс еткен
Мылтық даусы төңіректі,
Жаңғыртып қия белгі шарлап кетті.
Түсінбей ә дегенде болған кепті,
Шошынып бала біткен шыр-шыр етті.
Көл үсті болып кетті астан-кестен.
(Сан жылдар сол сурет кетпегі естен)
Қос аққу көтерілген үдере бір,
Құлады бірі оқ тиіп шынар көктен.
Әп сәтте самғай ұшқан шынар көкке,
Сыңарын шыр айналып тосты төкке.
Төмендел қанаты мен су сабалап,
Мұң шағып
Сыр шерткендей әлеуметке,
Сорлы аққу Қатын көлгі шыр айналды,
Бір емес,
Артық айтсам мың айналды.
Аққудың зарға толы сұңқылынан,
Шыңда архар,
Қырдағы ел мұңайғанды.
Қатын көл бұған дейін жатқан сұлық,
Толқынын көкке шаншып,
Бір жұлқынып.

Зар илеп, запан шегіп өксігендей,
Танытты сол сәтінде
әнтек қылық.

III

Офицер жаңа ғана аққуды атқан,
Еткендей мергендігін елге мақтан.
Кердеңдеп,
Кербез басып
Мінген сәтте
От алып, мотоцикл жұлдызша аққан.
Толқын мен шығар тұсқа аққу ағып,
Жетпек боп жанталасқан
Масаттанып.
Аңдамай толқын бағыты өзгергенін,
Біраз жер
Бет алдына барды да ағып.
Кенеттен кілт бұрылмақ кері қарай,
Болғанда төбесінен төккен арай.
Алтын құн
Төңкеріліп жүре берген,
Жоқ, жоқ
Құн орнында құдай атты,
Гүрс етіп аударылып мотоцикл,
Офицер қораптағы зарлап жатты.
Соңынан ілескендер келігімен,
Сескеніп
шығады деп кері кімнен.

Түспеді, ана байғыс шырылдады.
Серігі рұлдегі тілсіз қалған,
Қорқырап үзіле бір қырылдады...
Талықсып офицердің де үні өшті.
(Бұл сөзді ақымақ ұқпас, ұғар есті)
Айрылған абайсызда серігінен,
Сұңқылдап жалғаз аққу шығарды есті.
Сол түні қаз, үйректер балапанын,
Баса алмай бауырына
Дала таңын
Атырды көл үстінде ұшып жүріп.
Үйірді дүлей дауыл дала шаңын.
Қатын көл
Тамған шақта аққу қаны,
толқыды қап-қара боп
Қашып сәні.
Сенсеңіз сол сурет көз алдымда,
Тұрғандай күні бүгін
кетпей әлі.
Таң атты
Жалғыз аққу көлді айналған,
Қаралы арудай-ақ шашын жайған.
Сұңқылдап жоқтағандай серігін бір,
Көлге енді
Қонбай ұшты бағы тайған...
Жатырсың ақ толқыннан
Шашу шашып,
Жағаңда жан-жануар
Мауқын басып.

Аққулар айдынында жүрер ме еді,
Сұңқылдап сырын айтып
болған ғашық,
Аққулар айдынында таранғанда
сырлы әуен,
сурет сәуле
тарар маңға.
Қаңғыған қанды қолдың кесірінен,
Әп сәтте,
Оққа ұшып қараң қалды, ө.
Қатын көл
Сұры кетіп құты қашқан,
Суына аққу қаны араласқан.
Қанды көл естігеннің үрейі ұшқан,
Сен менің
мөлдірім-ең бала жастан.
Өртеген өкінішпен өзегімді,
Тағдырын қос аққудың
қылдым дастан.
Ұрпаққа азды-көпті сөз арнадым,
Толқыған жан дүниемді сезе алар кім.
Адамдар аққуларды атпаса екен
Атпаса екен
Аққуын өз арманын.

Қара қасқыр

– Қарғыс атқыр тағы да... қара қасқыр,
Қыр соңымнан қалмады-ау қара басқыр.
Жүйкемді жеп, құрытты саулығымды,
Жас жанымды қор етті қылып басыр.

– Үйге қалай кірмекші қасқыр басып...
Отырған жан үрейден жаны жасып.
Апалақтап, шошынып ата тұрған,
Кетті бәлкім сол сәтте қаны тасып.

Өне бойы қалтырап, дір-дір етіп,
Бір жағына қисайып сала берген.
Сол жағының қалғанын жаны кетіп,
Үйдегілер сол сәтте аңғармаған.

Тіл-аузы күрмелген Ақан сорлы,
Өлгенінше қа-қа-лап көп зарлаған.

Қа-қа-сы деседі ел,
Қара қасқыр..
Көзге түскен әзірше дара қасқыр.
Қайдан шыққан,
Қай жақтан келген ауып?
Не көреген,
Не білгір айтпас тауып.

Маң төбетпен ақ қаншық ұйыққаннан,
Пайда болған күшік дер аңшы біткен.

Кей білгіштер бұл сөзге қарсы тіптен,
Қара қасқыр тұқымы овчарканың.

Деп, дауласып жатқанның көрдім санын,
Сол таластың айналған өзегіне,
Қара қасқыр Сұлу Төр кезеңіне.
Көтеріліп жата қап тың тыңдаған,
Өлі дала ың-шыңсыз безеруде.

Сұлу төрден сәл жырақ балағаны,
Шопан аулы өн қонған даладағы.
Таңға салым маңырап қой, қозысы,
Әуп-әуп еткен тынымсыз сабалағы.

Ерсілі-қарсыл қозғалып қыбырлаған,
Шарбақтағы қой қозы жыпырлаған...
Жылы қанды аңсаған аусар неме,
Өз-өзінен арс етіп ырылдаған.

Қыңсылаған күшіктің төмендегі,
Үнін естіп елегізіп, елеңдеді.
Емізгелі күшігін қарны ашқан,
Түсті қарғып төменге биік тастан.

Баурына алып емшегін емізгенде,
Жалқы күшік
Жалғасын сезінгенде.
Тумай өлген ұш күшік түсті есіне,
Ет жүрегі егіліп езілгенде.

Жалқы күшік,
Баурап бар ықыласты.

Кеңігендей көрінгі аспан асты,
Төмендегі қойлы ауыл естен шығып,
Қиялымен қиялап қырдан асты.

Осылайша сан айды артқа тастап,
Іннен шығып,
Алшақтап шыңнан асқақ.
Қыр төсінде асыр сап күшігімен,
Тұз тағысы ерте-кеш еркін жүрген,
Жұрт назарын аударды бұған бірден.

Сабалағын шопанның әуілдетіп,
Балағанның қасынан жүрсе де өтіп.
Ақсақ қойын,
Танасын тартқан емес,
Көрген емес қоңсысын әкпелетіп.

Себебі не бұларға жуымаған,
Неге салды қиырға ізін әман?
Шешілмеген жұмбақ бұл күрмеуі көп,
Сыр ұшығын ұстатпас сірә маған...

Қара қасқыр
Інінде алған тыным.
Қара түнде орнынан тұрды ақырын.
Түсті ертіп өзімен күшігін де.

Күшігіне сол кезде үші ай толған,
Тастап шықты ұясын болған қорған.
Соңына ертіп күшігін кетті жортып,
Теріп жеді ырзығын тауып жолдан.

Белтірігін шыңдады аңға салып,
Жылы қанға тұмсығын алған малып.
Құстай ұшып құрбанын құтқармады,
Өкпесі өшіп
Ұстаған өліп-талып.

Ала қашып
арқалап қозы, лақты,
қуғыншыға
Ілдірмей жұлдызша ақты.
Белтірігін
ойға да, қырға бастап,
қара қасқыр
тынымсыз шыңдап бақты.

– Қасқырынан
Бұл жақтың тұрқы бөлек.
Қара түсі
Көрсетер сұрқын ерек.
Тағы көрдім.
Сұлу тер қиясынан
– Дегенінде Қамарға сенбеген ек.

Сол қасқырды
Таяуда өзім көрдім.
Деп Байғұтты
Зәресін алған елдің.
Бір кездерде бұл өзі аңшы еді.

Қаққан аңын
Жазы, қыс-Сұлу Төргің,
Құралайды көзінен атқан мерген.
Әлі күнге
Болатын есінде елдің.

– Қара қасқыр деймісің.
– Қара қасқыр.
Көзге түскен әзірше дара қасқыр.
Атып алып
Қандаймын қанжығамды
Қара да тұр
Осылай, – деп Байғұтты айтып қалған.
Көрмеген жан өмірі сөйлеп жалған.

– Әй, Байғұтты
Білесің оны қайдан.
Деп аңшыға әлдекім сұрақ қойған.
Менікі деп жөн бе екен мақтануың,
– Атып алам
Бұл сөзім ашық айдан.

Аяқ асты кенеттен сырқаттанып,
Өне бойы алаулап отбоп жанып.
Сол Байғұтты сөзінде тұрар да егі.
Бір-ақ сәтте,
Ауырып болды ғаріп.

– Қара қасқыр
Оралса тұрағына.
Маған хабар берерсің ұмытпассың.

Деп Байғұтты Ақанға нығарланған.
Ой-санасы сәтінде мұнарланған.
Обалына қаларын
Ессіз жастың
Байғұтты
Аңшы сол сәтте сезбеген-ді.
Қамын жеген
Ежелден қара бастың.
Өзімшіл жас,
Аңшыны шала тыңдап,
Жүрегінде
Қызғаныш оты ұшқындап.

Мылтық тауып,
Оқ, дәрі қамдап алып,
Қия шыңға қадалды көзі талып.
Шыр-шыр
Еткен үміттің балаланы
Жетілгендей
Құн санап қанаттанып.

Құн шықпастан
Отарын өріске айдап.
Төңірекке
Көз тікті тым абайлап.

Қара қасқыр
Кеткендей жерге сіңіп.
Құлаққа
Ұрған танадай жатыр аймақ.

Ыза болды,
Булығып қаны қайнап,
Есек дәме
Атағын елге жаймақ.
Арам астай
Жырылып ерінінен.
Жан дүниесін
Өрт шалып, жатты ойбайлап...

Құба дүзге
Қаңғыған іздеп несіп.
Ақан сорлы сенделген ізін кесіп,
Қара қасқыр бұл тұстан жырақ еді.
Қара жонда
Жеңкіліп желдей есіп.

Қан қақсатып
Ауылды, сан қыстауды.
Малға шапты,
Сол тұстан тапты жауды...

Сезген тұста
Ауадан күз ызғарын.
Бөлтірігін,
Аузы қан, жаны жалын.
Сұлу Төрге ертерек жеткізбек боп,
Жортып кетті
Атырып жолда таңын.

Судай қылып ағызып қара қанды,
Жарды талай көзіккен дүзде малды.
Енді бірде қуғыншы із өкшелеп,
Кеудесінде шықпаған жаны қалды.

Сан қатерден
Құтылып аман-есен,
Сұлу Төрге ақыры жетті төтен.
Сұлу төрдің Көмер тау бір саласын
Қара қасқыр
Алты ай қыс еткен мекен.

Қаңыр күзде
Сұлу Төр сұрқы кеткен,
Қарша борап жапырақ жауған көктен.
Сала берген ағаштар сидаланып,
Өрекпіген
Елегізіп үніне өктем.

Таудан құлап
Ағатын тас бұлақтың
Сыбдырынан
Шошынды жапырақтың...
Белгісіз жай
Еңсесін басқаны анық,
Жайы жоқ ет әйтсе де жасқанарлық
Қара қасқыр
Ініне белтірігін
Қуз-қия мен келеді бастап алып.

Жақынырақ ініне келген тұста,
Еріксізден селт етті бір дыбысқа.
Тау басында әлдене ербеңдеген,
Жалғыз сәтте
Жалт берді ну жынысқа.

Аң ба, құс па,
Қияда қалбаңдаған.
Ізге түскен аңшыма жалмаңдаған.
Сәт туды ма
Жолыма жуа бітер.
Сырт берді ме
Бұл сәтте жалған маған...

Ауыр ойдан
Еңсесі езілгендей.
Ет жүрегі,
Жамандық сезінгендей.
Қара қасқыр,
Беймаза күй көшулі ет,
Қалбаңдаған
Көлеңке түсті есіне...

Атып тұрып
Орамды кезіп кеткен.
Бастаған ет бұл тұста құн көшкіре.
Қара қасқыр
Иісті аңдады анық
«Адам исі»
Танауын барад жарып.

Пайда болды бұл жерде,
Қайдан? Не ғып?
Сауал көп ед
Сенделді жауап таппай.
Қара түнде
Жанары жанып шоқтай.
Төңірекке көз тігіп тімтінеді.
«Адам исі» ол қайдан келді мұнда.
Осы сауал
Санасын сілкіледі.

Қара қасқыр
Қалыда аңғармаған.
Қалбаңдаған көлеңке заңғарлардан
Түскен төмен
Өзек пен Ақан еді.
Ол кезбеген тентіреп маң қалмаған.

Әлденені
Қалса да көзі шалып.
Өз-өзіне сене алмай күмәнданып.
Тұрған тұста дауысын бөлтіріктің,
Әлдеқалай құлағы қалған шалып.

Есі кете
Тыңдады ол есеңгіреп,
Жібермесем жарар ед есемді, – деп,
Еңістегі асыққан балағанға,
Күдігінен бір сәтке үміті үдеп...

Қара қасқыр ініне күзгі артып,
Жеткен сәтте белтірік құздан,
жар тік.
Секіргенде қоянды ұстамақ боп,
Жарықшаққа аяғын алды жаншып:

Шыға келді
Әп-сәтте аяғы ісіп,
Көпке дейін тыншымай байғұс күшік.
Арс-арс етіп,
Ауырған жерін қауып,
Жатты сұлық бүрісіп иіні түсіп.

Қара қасқыр
Орнынан ата тұрып.
Төңіректі тіміскіп, зыр жүгіріп,
Жан жоғына маңайда көзі жетіп,
Белтірігін
Арс етіп алды «бүріп».

Бәлкім оның мұнысы тұр дегені,
Кеттік, қалмай соңымнан жүр дегені.
Ана жүрек
Атқақтап тыным таппай,
Сезіктеніп,
Сезгендей бірдеңені.

Кешеден ит қуғандай елеңдеді,
Мылтық ап шопан Ақан төмендегі.

Тасалап түн түндігін шымылдық қып,
Жеткен ед
Артқа тастап белес-белгі.

Шарасыз
Қара қасқыр шыр айналған.
Аңшыны
Жолын тосқан байқап қалған.
Сәтінде бөлтірігін бөктерін ап,
Жөнелді бірақ қарғып биік жардан.

От бүркіп
Көк түтіні маңайды алып.
Гүрс етті мылтық даусы тауды жарып,
Оқ тиген бөлтіріктің бас сүйегі,
Кеткен ед
Кұл-кұл болып, паршаланып.

Қиялап
Қара қасқыр шыңға салған.
Кезігіп терең өзек қалған алдан.
Ақаннан із жасырып осы өзекте,
Сезген сәт құтылғанын бір тажалдан.
Күшігін жерге ақырын қоя салып,
Бір сәтке сұлық түсті
аз демалып,
Жатты да, атып тұрып, күшігінің
Үстіне бір арс етті, төніп барып.

Сонан соң, арс-арс етіп, алды қауып,
– Қозғалмай, – деп тұрғандай
жатсың неғып?

Түсті оның
Кенет көзі қара қанға
Күшіктің шекесінен жатқан ағып.

Аударып, қанын жалап қыңсылады,
Аздан соң көзден жасы тамшылады.
Шоқиып
Көкке қарап ұлығы кеп,
– жанымның
сендірердей шамшырағын.

Не жаздым
Тәңірім саған, пенделерге,
Тамғанша
Қасық қаным тыншымайды.
Адамды сені атқан тықпай көрге
дегендей
Назалы үні бір тынбаған,
Аңшы да
із өкшелеп, тың тыңдаған
Таяу кеп
Берген сәтте мылтық кезей.
– Ей бейбақ,
жетіп алғын жұртыңа аман,
Деген үн құлағына келген анық,
Жалтақтап жан-жағына таңырқанып,
Тұрғанда шың басынан бір ақсақал.

Таяқпен жөн нұсқаған, жолға салып.

Сол жолмен бір сүрініп, бірде құлап,
Ұлыған қасқыр үні жарып құлақ.
Жалтақтап жан-жағына үрейі ұшып,
Тұсынан балағанның шықты бір-ақ.

... Қара бұлт
жапты аспанды түйіліп кеп,
ұйтқыған
Қара дауыл шүйіліп кеп,
Әп-сәтте тына қалды өшіп үні,
Төккенде
Қара жаңбыр құйылып кеп.

Толассыз
Құйғандай бір шелекпенен,
Жаңбырдың шуылыма елетпеген.
Қасқырдың ұлығаны анық еді,
Тұспа-тұс
Қойлы ауылға белестерден.

Ақанның
балағанға ықтағанын,
бүрісіп
далаға да шықпағанын
әйелі сыр етеді сұры қашып,
– Бар ойбай, дегенімде далаға шық
Шұбалып орнынан әрең тұрды,
Жалтақтап жан-жағына тұрды сасып.

– Кетіпті біраз қойды қасқыр қырып,
дегі де, жапты есікті
зыр жүгіріп.
Ұмтылып бара жатты шарбақ жаққа
Үстіме мен де шықтым әлдене іліп.

Шарбаққа
Жеткен тұста қасқыр атып,
Ақанның шыбын жанын шырқыратты.
Ақсақал аяқ асты пайда болған.
Қасқырды
таяғымен қалды тартып.

– Естігім
Тіптен анық «кет» дегенін,
Сонан соң тауға қарай беттегенін,
Көргенде таң қалғаным әлі есімде,
Шал мен қасқыр тауға беттегенін...
Тыңдадым сөзін бөлмей,
Сурақ бермей,
«Қайтемін у тамызып жарасына»

... Ес жиып
енді ұмтылдым Ақанға мен
шырқырап шыбын жаны аласұра.
Дірілдеп
Қара жерде аунап жатқан.
Бір нәрсе мені сонша тақырқатқан.
Таппадым өн бойынан жалғыз сызат.
Тырнағы, тісі тиіп қансыратқан.

Жоқ еді,
Әйтсе де Ақан қан жылады.
Қалтырап бір-бір етіп сан жылады.
«Кешір» – деп, әлде кімге жалбыранған,
Санамды сансыратты сандырағы.

Шалды айтып
Шарасынан көзі шығып,
Жататын ұзақты күн үйде бұғып...
Ақыры ажал шіркін жетті бір күн,
– дегі де
Жыламсырап, қалды тынып...

Ал шал кім
Қара қасқыр иесі ме?
Жоқ, әлде табиғаттың киесі ме?
Жоқ, әлде
әділ қазы төреші ме?
Адам мен табиғаттың күресіне.

Іздегім бұған жауап таба алмадым,
Сан барып Сұлу Төргі араладым.
Көргенде табиғатты ойран болған,
Көрінді желге ұшқандай бар арманым.
Сол қырда
Қара қасқыр паналаған
Білемін аз емесін саналы адам.
Табиғат – талбесігің жүдеп біткен,
Жаутаңдап, жалбарынып саған адам.

– Қорғаушым,
– деп тұрғандай болшы панам.
Сол үнді
Естимісің, ұғамысың
Шыныңды айт
Табиғатқа бұрама ішің.
Күні ертең
Келер ұрпақ сауал салар.
Суалған
Суы құрып бұлақ үшін.
Қураған мөңгілікке құрақ үшін.
Жоғалған айдындардан аққулармен
Архар мен
Желдей жортқан құлан үшін.
Еске алар қара қасқыр қасіретін...
Алаулап ойран салған орман өртің,
Өкініш өзектері өртемесе ет,
Өршітпей
алдын алсақ ауыр дерттің.
Қалар ма ек
Туған жердің сақтап көркін,
Қалар ма ек
Туған жердің сақтап көркін.

Малайсары батырдың соңғы әзілі

Тал бесігің тербелген,
Дала-төсі кең байтақ.
Кенде емес ед ерлерден,
Шаңырағын сан шайқап.

Тигенде келіп түмен қол,
Ерлікпенен қорғаған.
Есімдерін біледі ел,
Аңыз еткен, арнап ән.

Малайсары соның бірі еді,
Біз туған жердің түлегі.
Халқының қорған, тірегі,
Батырдың бағлан дүрі еді.

Сүйетін байтақ даласын,
Даладай дархан жүрегі.
Ардақтап қазақ баласын,
Шығармас естен бір елі.

Халқының салт пен санасын,
Үлкенге іні, кішіге
Аямаған панасын,
өзім деген кісіге.

Кесіп берер қоң етін,
Мырза болған, кең болған.
Тәңірге шексіз сенетін,
Әзілі мен қалжыңы,
Жаралыға ем болған.

«Дәулет те бар ед, билік те», –
десетін қарттар шешіліп.
Шақырған елді бірлікке,
Көсем дер ед көсіліп.

Қарттардың сөзі шындықты,
Шежіре де жоққа шығармас.
Сұрапыл заман сұмдықты,
Қуғын да, сүргін қарбалас.

Шағында тауы шағылған,
Жұттан соң жұтаң тірлікті.
Бүйірден дабыл қағылған,
Сәтінде қазақ дүрлікті.

Өртеніп ауыл, қан құсып,
Талықсып жатты дала бар.
Түңілген жаннан бүк түсіп,
Батагөй-дана бабалар.

Көтеріп басты сәтке бір,
Серкедей топты бастаған.
Ілбіген халық байтақ қыр,
Жан жоқ ед жаудан қашпаған.

«Қашқан жауға қатын ер», –
дегеннің кері келді анық.
Жойдаусыз жоңғар бөрілер,
Талады жұртты топтанып.

Қан сасып жатты қыр төсі,
Ашылып ажал араны.
Жия алмай қашқан жұрт есін,
Арыстандай жаралы.

Жауына қайрат қыла алмай,
Жерінен туған безінген.
Қырған-ды жоңғар қынадай,
Әлсіздігін сезінген.

Өкшелей қуған жоңғардың,
Анық ед мысы басқаны.
Тітіркеніп төсі жондардың,
Бұлт басқан теңбіл аспаны.

Селдете төгіп көз жасын,
Желөкпе жел де тынбаған.
Не шара дәурен озған соң,
Шұбырған жұртың мыңдаған.

Қайраған тісін жауына,
Жоқ еді қылар шарасы.
Іліккенде Малай тауына,
Үркердей еді қарасы.

Ілбіген баяу сайды өрлеп,
Жауынға, желге қарамай.
Ізіне түскен төтелеп,
Жоңғарлар қуып бірталай.

Қылышты қыннан суырып,
Өрекіп, өрттей қаулаған.
Апшысын жердің қуырып,
Арғымақтар оқтай заулаған.

Қорғансыз жаяу жандарды,
Жапырып, таптап кетердей.
Аңырай ұшқан аңғардан,
Кеткен де жебе төпелеп.

Талайы ерден жұлынып,
Қас-қағым сәтте оққа ұшқан.
Қашқандар кері бұрылып,
Жауған ед жебе тұс-тұстан...

Бірі бұл қанды майданның,
Малайсары даңқын шығарған.
Қорғаған ауыл-аймағын,
Жорықта жойқын сыналған.

Ерлігін елі таныған,
Халқының болған тірегі.
Абылайдың жанынан,
Табылған ердің бірі еді.

Күйретіп сан қамалды,
Шығарған талқан табырын.
Тығырықта тапқан амалы,
Сан жойды жаудың тамырын.

Қоршауды бұзып, талқандап,
Сарбаздарына жол ашқан.
Жүретін кеше алшаңдап,
Айырылған талай жолдастан.

Айырылған талай сырластан,
Қалың ег дұшпан қарасы...
Алаулап, жанып тұрды аспан,
Қара шаң жер, көк арасы.

Шайқастың қызған тұсында,
Танытқан бұлар басымдық.
Батыры найза ұшында,
Шырқырағанын көріп, шошынып.

Жоңғарлар кері серпілген,
Ат қойған бұлар соңынан.
Қайтпайтын ерлер бетінен,
Тұрғанда желі оңынан.

Басқан ег атқа қамшыны,
Боратып қардай жебені.
Тосқауылдан жаудың жансызы,
Жоңғарды қашқан жебеді.

Атылған мылтық әр жерден,
Жер жара үні тосыннан.
Малайсарыны сұр мерген,
– Құтылмассың, – деп осыдан,
Көздеген жүрек тұсынан.
(Сақтады білем тәңірі)
Оқ тиіп сәтте қысылған,
– Қайтыңдар, – деген әмірі.

Сарбаздар есін жидырған,
Батырын көріп жаралы.
– Жолыңа Сардар, біз құрбан,
Табылар болса амалы.
Күйінген көптің үнінен,
Күңіреніп тұрды төңірек.
Күнімен, сол күн түнімен,
Егілді жұрты еңіреп...

Шақырды біреу тәуіпті,
Тоқтатып қанды кеткен көп.
– Жол жүру қазір қауіпті,
Қарағанша беті бері, – деп.

Оңаша шатыр тіктіріп,
Емдегі батыр, жарасын.
Күні-түні бірі үшкіріп,
Шаңдатып жер-көк арасын.

Зікір сап бірі сарнады,
Жазамын мұны мен деді...
Абылайхан кеп арнайы,
Шатырға сол ед енгені.

Есін жиып бір уақ,
Айнала батыр қарады.
Денесі күйіп шоққа ұқсап,
Күлімдеп отты жанары.

Абылайханды жазбай таныды,
Топты жанның ішінен.
– Жалғанның мынау жарығы,
Алланың сыйы түсінем.

Сол сыйын Алла өзі алмақ,
Таусылды білем сызығым.
Аждаһа ажал көз алдап,
Қыздай-ақ сынық сызылған.

Батырды біздей бас салып,
Ала алмасын түсінген.
Жасаурап көзі жасқанып,
Сығалап қаптың ішінен.

Асырып айла – амалын,
Оңымнан шығып, солымнан.
Күйреткен жоңғар қамалын,
Айырды ақыр қолымнан.

Сонан соң мысық табандап,
Жуықтап бірге, жырақтап.
Алмаққа келді жанды арбап,
Кім қалмақ мәңгі тұрақтап?!

Хан ием, жердің бетінде,
Дегені болсын ажалдың.
Рұқсат ет еріп кетуге,
Соңынан анау тажалдың.
Дегенде ханның, қараның,
Жылыпты сұсты жүздері...
Ғасыр салып араға,
Сол аңыз тапты біздерді.

Бұл аңыз ерлік айғағы,
Батырдан бізге тәбәрік.
Ажалды да жайдары,
Қарсы алар ерлер бары анық.

Сұтана мен Нұр жетім

I

Алқара көк Араб аспаны,
Күн шықса шыжи бастады.
Бір тамшы тамбай жыл бойы,
Жер беті қурай бастады,
От болып күн алаулап,
Өртеніп тұрды бар аймақ.
Күтетін үміт Арабтар,
Әр таңнан атқан арайлап.
Қалмаған еді шарасы,
Қиналған ана, баласы,
Қиналды жұрты, данасы.
Бір қырсыққа, бір қырсық,
Жалғасуын қарашы.
Сезімге соқыр тірек қып,
Пұт құдайды пір етіп.
Нағандық жайлап сананы,
Жүретін жұрт жыр етіп,
Пұт құдайға.
Жылтыр маңдайы,
Сиынумен күні, түн.
Құрғайтын еді таңдайы.
Әйтседе тамшы тамбады.
Күйінген жұрт «Күпір боп»,
Пұт құдайды қарғады.

Қарғады тіптен тілдегі,
Ал бұлардың онысын
Құлағына құдай ілмеді.
Кер соқыр сезім күн санап,
Санасында елдің гүлдеді.
Жалғаса берді осылай,
Апталар,
Айлар,
Дұрмегі.

II

Аңызға сенсек кешегі,
Шындықтың лебі еседі.
Саадаттықтар со тұста,
Тайпа екен
Озық, көшелі.
Ана тілін ардақтап,
Салт-санасын салмақтап,
Жібермеген есені...
Өзінше түгел есебі,
Құрайыштықтар сәбиін,*
Соларға сенген деседі.
Өйткені ме, өйткені,
Бүгінгі балғын бөбегі
Ата салты
Көнені...
Тілін біліп өседі.

* Құрайыш – тайпа аты.

Мұнымен қатар даланың,
Емшектегі баланың,
Кеңейтейін тынысын,
Ауасы таза, суы шын,
Бал татитын тұсытын.
Құрғақшылық жайлаған,
Жұрттың соры қайнаған.
Сол тұста Саадат аналар,*
Сәбилер үшін
Паналар,
Қамалдай берік көрінген.
Күтуменен оларды,
Құрайыштықтар сарылған,
Сәбилердің тынысы
Күн-күн санап тарылған.
Қолды-аяққа тұрмайды,
Мазасы кетіп шырылдап.
Еріндері кезеріп,
Ыстықтан құрғап жарылған.

III

Сахарада сағым көшеді,
Ыстық жел бетке еседі.

* Саад иби – Бәкір тайпасы сол тұстағы ана тілін, ата салтын қастерлеумен көзге түскен тайпа. Құрайыштар көбінесе жаңа туған балаларын осы тайпаға аманат еткен.

Жол үсті,
Көптің ішінде,
Ілбиді Харис есегі,
Өлі жүні түспеген,
Есегін – кіш-кішт деген.
Ілесіп сол бір кісіге,
Шерленіп баяу ішінен.
Халила кенет муңайып,
Әл жиып – бір сәт тыңдайып.
Деуге де дәті бармады.
Сонан соң жолға шығайық.
Қасқырдай көзі қанталап,
Ұмтылған алға анталап,
Халықтың жоқ ет есебі,
Тоғысып жолдан сан тарап.
Меккені бетке ап ағылған,
Көтерілген тұяқ шаңынан.
Тұншыға жаздап келет ел.
Қызыл құм күнге шағылған.
Қарықтырып жанарын,
Аңсаған салқын самалын.
Сәтінде түсті есіне,
Ұядай үйі даланың.
Төсінде қалған жырақта,
Абдуллахы* күткен тұрақта,
Оралар еді-ау бөгелмей,
Есегі құрғыр бірақта.

* Абдуллах – Хадистің туған боласы.

Шатқаяқтап құлады.
Аз дегендей бұл әлі.
Көсіліп көзін жұмғанда,
Серпілмей қалды тұяғы.
Тынысы тіптен тартылып,
Ұшқандай құлге бар үміт.

Халима мен Харис жолда қап,
Жатыр жұрт,
Нөпір ағылып...
Бір кезде есек ақырып,
Алғандай жанын шақырып,
Сілкіне тұрды орнынан.
Иелері аһ ұрып,
Өздеріне сенбей өздері.
Шаттықтан шалқып өңдері,
Бірі есекті жетектеп,
Кіш-кіш – деп бірі дем беріп,
Жылжыды алға өрленіп.
Жұрт соңынан Меккеге.
Бұлар да ақыр келді еніп.

VI

– Бөбектен бөбек қалмады...
– Алланың болар салғаны,
Осылай деп жұбайлар,
Жолдарын әрі жалғады.
Қаланы кезіп шарлады,
Десеңші қайда бармады.

Сәт санап үміт бұлдырап,
Алыстады асқақ арманы...
Бір көшеде Әбдімұттәліп* жолығып,
– Келесің жаным соншама неге торығып.
Деп сұрағанда Халима келіп тәубаға
Болғайды деп тілеген,
Қарияның жолы құт.
– Қай жерден шықтың,
Бетіңді қайда түзедің.
Деп сұраған мұнан соң,
Қай тайпаның қызы едің.
– Тайпасынан едім Саадаттың,
Сұт ана** болсам деп едім,
Салса сағатын.
Дегенде кәрия – жымыып бұған қараған,
Кеш кеппін ата, қалмапты бала алатын.
Қарт мұның атын қайталап тағы сұрады.
– Халима дегі Әбдіекең бұған таңданып,
Үйлесім неткен
Ежелден аңсап сан халық,
Таба алмай кеткен жүйесін.
Халима, қызым –
Саадатың – бақыт, жақсылық
Хилмінің – қайыр, берекет.
Осыған мына бір өзің ғана иесің.

* Әбдімұттәліп – Мұхаммед пайғамбардың атасы.

** Сұт ана – құрайыштар Меккеден жырақ тұратын рулардың әйелдеріне балаларын ақы төлеп, емізуді әдетке айналдырған. Емізуге бала алған әйелдер сұтана деп аталған.

Құр қалмаған
Мейірім, пейіл сыйыңнан,
Тал бойыңда ұлы ұғымдар ұйыған.
Көрем сенен ізгіліктің нышанын,
Жол табар деп қиыннан
Саған айтам: бар еді жетім немерем,
Жетімді жөн дер
Екінің бірі жебеген.
Сол сөзден тайып, алмады бәрі безінді.
Сен алсаң соны
Аманат етіп берер ем.

V

Халима, Харис
өзара ұзақ кеңесті,
Алдағы тірлік болжаусыз, тіпті көмескі.
– жетімнің де
несібесі бар сарқылмас.
Құдай деген жан едік
Жерімейік жетімнен.
Қолдан келсе сақтайық,
Адам атын ақтайық.
Деген шешім қабылдап,
Жан жүрегі жалындап,
Нұр жетімді қолға алған.
Сырлы-мұңлы о, жалған,
Құпияңды ұғар кім.
Қылған жанын қапалы,
Артта қалып мұнар күн.

Нұр жетім емшек емгелі,
Халима емшек бергелі,
Ұмсынған сәтте о, ғажап.
Өз көзіне өзі сенбеді.
Суалған кеуде саулады,
Ақ үрпік атып арнадан.
Тал бойын қуат қаулады.
Сорудан бала танбаған.
Өтелді-ау деп жол құны,
Шаттықтан жүрек толқыды.
Қасиетін сезгендей,
Бүтін етер жартыны.
Толық етер олқыны...
Жан жолдасы Харистің,
Бағамдап жүрер әр ісін.
Дағдысы барды ежелден.
Халимаға сырын ақтарды.
– дей көрме жаным мақтанды.
Жетімің мынау мүбәрәк,
Қайырлы жан
Ақ-таңы.
Арайлап атар туар күн,
Бір іске бүгін таң қалып,
Бір іске бүгін қуандым.
Өлгелі қалған кешегі,
Астымдағы есегім.
Дүлдүлдейін самғады,
Самғаудан бір сәт танбады.

Екі күн бұрын кеткендер,
Артымызда
Шаң қармады.
Інгендер иіп суалған.
Шелектеп сауып сүт алғам.
Молшылық пенен береке,
Біздерді күтіп тұр алдан.
Ал мына жетім
Жалғанның
Жарығы болар алда күн.
Рахымына бөленген
Тумай жатып Алланың.
Айтқаны келіп Харистің,
Құт шалды оның әр ісін.
Нұр жетім жырда сөз болған,
Мұхаммедтей Арысың.
Жаббар хақтың «Ұлы досы»*
Расулы**
Адамзаттың асқаралы асылы.
Ол таратқан Ислам нұры жаһанға,
Ғасырларға жалғар талай ғасырды.

* «Ұлы дос» – Мұхаммед пайғамбар Алланы солай атаған.

** Расул – Алланың елшісі.

Халуса нұт

Азап кешіп, қорлық көрген ұрпағы,
Мұхаммбеттің атқанынша нұр таңы.
Тұмшалаған надандықтың түнегі.
Арабтар да көп халықтың бірі еді.
Пұт құдайға ертелі кеш табынып,
Кірпік ілмей,
Құлдық ұрған сабылып.
Сол жандардың
Жан жүрегін меңдеген
Азғын дер ет сенбеген.
Сенім бар ет
Сол сенімге берікті.
Тұншықтырған сана менен ерікті,
Тұншықтырған
Еркін ойды, жігерді,
Соқыр сенім
Жұртты құл қып жіберді.
Сыртқа шашпай
Бүгіп жұрттан пікірін,
Тас құдайға дейтіндер де
«Түкірдім».
Жоқ еді деу
Болар бәлкім білместік.

Есімдері заман отпен бірге өшіп,
Тасаланды
Бәлкім тарих жасырды.
Жұттыма ізін тағылықтың ғасыры
Бал ашудан өткен іске аулақпын,
Аңыз – оттан
Жырыма шоқ алмақпын.
Мұхаммбеттің
Табанының табы қалған Мекеге,
Пегасымды
Қиялыммен аунаттым.

||

...Есе бермес болсадағы айбатты,
Пұт құдайға табынуын қоймапты.
Талай жайға қалсадағы күлкілі,
Сеніпті жұрт
Пұт құдайға бір түрлі.
Хазіретті Омар
еске алып толғанған,
Шығар жолды таба алмай тұңілдік.
Мәңгүрт жандай дін басының ауызына үңілдік.
Ал дінбасы пұтты жұртқа дәріптеп,
Жалғаныңа нұрын төгер жарық деп.
Қолдаушың да, қорғаушың да осы деп,
Жарылғайды келсе көңіл хошы деп,
Кемекейі бұлк-бұлк етіп кесілет.

Тек жаныңнан қайда барсаң тастама,
Алабұртып көңіліңді
Бұрма бұдан басқаға.
Осы сөзге алданғандар малданып,
Алыс сапар шегер тұста қамданып.
Жолға алатын халуа пұтын қамдаған,
Құрғақшылық жылы еді бұл көктен тамшы
тамбаған.
Талайлардың
Алыс жолда таусылғанда көрегі,
Халуа пұт* тілегіңді береді.
Деген сөзбен
Жалбарынған, жалынған.
Түңілдірген көрер күннен,
Түңілдірген жанымнан.
Құтқар мені аштық атты залымнан,
Шыбын жаным,
Көрер таңым
Үшін саған жалынам...
Мен өзіңнің құлақ кесті құлың ем,
Тағат қылып, иілгенде, бүгілген.
Әділ жаннан сәтімде бұл түңілген.
Шошынамын сенің саз бет түріңнен.
Жырақ жерге қалдырдың-ау елімнен,
Жек көремін ит етінен сені мен.
Деп көзжасы
Мөлт-мөлт етіп төгілген.

* Халуа пұт – Халуадан жасалған құдай мүсіні.

III

Арпалысты ол
Аштықпенен ашқұрсақ,
Халуа пұтты ақырында қолына ап.
Жеткенімді байқамаған менің өлім шегіне
Көзің сенің суқараңғы төгінде.
Жалбарындым сақтай гөр деп қанша мен,
Естімедің
Мен дегенде қуырылып аспаның,
Болғаның ба тас керең...
Тілегімді қабылдамай тастадың.
Өзегіме шоғын тастап аштықтың,
Құтылуға неге сонша асықтың.
Мені өлтіріп қалмақсың ғой сен тірі,
Доңыз неме,
– Мынау кімнің жемтігі,
деп біреулер сүйрегенше мұрдемді,
Сені өзіммен ала өлейін бірге енді.
Жан қалтадан суырып ап қанжарын,
Боршалады Халуа пұттың
Қолдары мен сандарын.
Құлдық ұрған
Халуа пұтын жорғалап,
Жеп отырды көзден жасы сорғалап...
Санасы әлі арылмаған сағымнан,

Ақ, қараны айыра алмай жаңылған.
Арбауынан шыға алмай залымның,
Сол жандардың төмен делік танымын.
Күні бүгін
Пұт құдайға құлдық ұрған қандасым,
Санаң болса
Ойланарсың аңдарсың,
Ораларсың
Исламның туы астына асығып,
Жанарыңнан иман нұры шашылып,
Тұнжыр,
Түнек ойларыңнан арылып,
Бір Аллаға
Тағат қылып, ағыңнан бір жарылып,
Келерсің сен ертелі-кеш тәубаңа,
Мұсылмандық аясынан табылып.

Расулға сыр

Сахабаның сақалынан су ағып,
Нұрлы жүзі
Күлгін күлдей қуарып.
Расулға бірде былай сыр ашты,
Шындық шіркін, түсінгенге тым ашты...
Аюандық әдеттері санамызды сарп еткен,
Ислам нұры
Жойғанынша жарқ еткен.
Надандықтың жылымына жығылып,
Лай, Уззаны
Құдыреттеп ұғынып.
Қуыршақ құдай төңірегіне топталып,
Мақұрым қалып
Ізгілікпен иманнан,
Кездеріміз аз болмапты-ау қиналған.
Қанды балақ қарақшыдай
Қолымыз қанға малынып,
Жәһилия* талабына бағынып,
Қызын қырған дәл біздердей жоқ халық.

* Жәһилия – Аллаһ тарапынан Пайғамбар жіберілгенге дейінгі надандық дәуір.

Обал, сауап ұғымдары жырақ еді біздерден,
Дұрыс жолды жалықпадық іздеуден
Көп сандалдық,
Көп сабылдық таппадық,
Қыз қырғынын
Кім бастады, тияр кім.
Бұл сауалға жауап таппай қиналдым.
Менің қызым, қызыл гүлім
Қалмақ мәңгі тапталып,
Табанында Жаһилия жауыздың.
Жас орнына көзімнен қан ағыздым,
Балғынымды.
Бал бөлемді қимадым,
Сөйтіп жанды
Азаптадым, қинадым.
Қызым мені «Әке» дейтін еркелеп,
Бал қылығы, былдыр тілі.
Таусылмайтын ертегі ет...
Бірақ, бірақ
Нәсіпқұмар, зинақорлық етек ап,
Ар мен ұят, ер намысы болған сап.
Елде мына
Қызыңды ешкім еркелет
Демес еді.
Есесіне көміп таста тірідей,
Дейтіндерді көретін жұрт піріндей,
Амалсыздан

Бір құдыққа ерте кеп,
Қызымды мен тастап соған жібердім,
Әкелеген даусы келіп құлаққа
Құм болады жігерім
Қызымды ойлап ет жүрегім өртеніп,
Дегенімде
Расулдың егілгенін көрсеңіз,
Ет жүрегің парша болып,
Езілер ет еңсеңіз...
Сахабаңыз сасып қалған абдырап,
Расулдан жауап күтіп, сарылды.
– Мейірімі мен Аллаһ сірә
Қабыл алар зарыңды.
Жауыздықтан тал бойыңды сал жырақ.
Дұрыс жолға
Жұмса жігер, барыңды.
Сахабаның сақалынан су ағып,
Алғыс айтқан Расулға қуанып,
Асқақтаған содан бері мейірім мен ар үні,
Әр жүрекке иман болып дарыды.
Түн-түнекке
Төкті сәуле Исламның жарығы.

Аңыздардағы деректер Дамира Өмірзаққызы Ибрагимнің «Адам-
заттың асыл тәжі Мұхаммед (С. А. У.) пайғамбардың өмірі» атты кітабы-
нан алынды.

МАЗМҰНЫ

СӨЗ МАҢЫСЫ

Мамыр	6
Үшен	6
Түйе шыбын	7
Жау мерғай	8
Еңку-еңку баламасы!	8
Жемі қазына	9
Мақал мәнісі	10
Шөп атаулары	11
Майға раң	11
Сақоу шөп	11
Сабындышөп	12
Білін алқым	13
Мақал – сөздің атасы	13
Ұйқасым тап	14
Дәрсіннен жүр, қарағым	15
Сан тағыналы сөздер	16
Жемі жоқ	17
Жасырынған жер-су аттары	19
Сөздік қорға үңілсек	23
Тіліміздің бағын ашым... ..	23
Балын қалар бәлкім керезі.....	24
Киіз кітан	26
«А», «Б» әріптерінен басталатын жер, қала аттары	27
Қалған мұра атақан	27
Қор қылғаны	28
Омонимдер	29
Синонимдер	29

Сүлеймен Байзитов

Малайсары батырдың соңғы әзілі

Мұқабаның бірінші бетіндегі сурет Республикалық «Балдырған» журналынан алынды № 8 1982 жыл.
Суретті салған С. Мандыбаев.

18.07.2007 ж. басуға кол қойылды. Көлемі 60x84/16.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі KZ_Vauhaus.
Шартты баспа табағы 5,0. Есептік баспа табағы 2,7.
Таралымы 500 дана.

«ЭКО» ЖШС-та басылған.
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар к.,
29 Ноябрь к., 2, Тел.: 32-16-08

